



OZEN

№6 (76) МАУСЫМ 2022 Ж

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Құрметті әріптестер!

1 маусым балаларды қорғау күні құтты болсын. Елімізге ашық аспан, бейбіт өмір, балапандарға бақытты балалық шақ пен сыңғырлаған күлкі тілеймін.

«Бар жақсылық балаларға» деген принцип ұстанатын «Өзенмұнайгаз» АҚ балалардың бақытты өмір сүруіне, дені сау, саналы, тәрбиелі, білімді болып өсуіне өз тарапынан зор үлес қосып келеді.

Бала-біздің болашағымыз екені сөзсіз. Бүгінгі бала, ертеңгі ел тұтқасын ұстайтын азамат.

«Адамның бір қызығы – бала деген» деп хәкім Абай айтпақшы, бар жақсыны балаларымызға көрсетуге жалықпайық.

Мемлекетіміздің келешек құрылысшысы балаларымыз аман болсын. Ел намысын қорғап, мәртебесін арттыратын білімді де өнерлі ұландарымыз көп болғай. Мереке берекеге ұлассын!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ
бас директоры
Мақсат Ибағаров

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік департаментінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі.
Қауіпсіздік департаментінің сенім телефоны: +7 (72934) 65-1-54.
Электронды поштасы: doverie@umg.kmger.kz

 **ӨзенМұнайГаз**
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО



МАУСЫМ АЙЫНДАҒЫ
МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНЫҢ
ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ

90,88%





Жаңа медициналық орталық ашылды

Ел игілігіне ұсынылған жаңа медициналық орталық ашылды. Нысанның салтанатты ашылу рәсіміне қала әкімі А.Қосуақов, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры М.Ибағаров, медицина саласының ардагер дәрігерлері мен қызметкерлері және қала тұрғындары қатысты. Заманауи медициналық орталықтың салтанатты ашылу рәсімінде сөз алған «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры М.Ибағаров дәрігерлерді кәсіби мерекесімен құттықтады.

Ұлт пен ұрпақ саулығын алдыңғы орынға қойған мемлекетімізде медицина саласына барынша қолдау жасалған. Бүгінде халыққа сапалы қызметін ұсынатын жана клиникалар да көбейіп келеді. «Өзенмұнайгаз» АҚ қала құраушы компания ретінде Жаңаөзен қаласының әлеуметтік инфрақұрылымының дамуын басты назарда ұстайды. Осы уақытқа дейін Жаңаөзен қаласының кешенді даму жоспарының аясында қалалық мұрағат салынса, «Мұнайшы»

мәдениет үйі мен Ә.Тұяқов атындағы стадион жөндеуден өтіп, ел игілігіне берілді. Енді, міне, қаламызда жаңа әсем ғимарат бой көтерді. Бұл бастаманың тек медицина жағынан ғана емес, әлеуметтік жағынан да тиімділігін айту керек, – деді ол.

Салтанатты шарада Жаңаөзен қаласының әкімі Айбек Қосуақов, медицина ғылымдарының кандидаты, белгілі дәрігер Сүлеймен Бердәулетов сөз сөйледі. Жаңа нысанның лентасын қала ардагері Асылбек



Айдаров пен Сүлеймен Бердәулетов кесті.

Заманауи талапқа сай технологиямен жабдықталған орталық енді тұрғындарға сапалы дәрігерлік қызмет көрсетпек. Оның ішінде соңғы буынның ангиограф аппараты, МРТ, компьютерлік томограф, цифрландырылған рентген аппараты, маммограф, флюорограф және хирургия гинекологиялық, урологиялық, офтальмологиялық жабдықтар бар.

Ғимарат 4 қабатты, іші кең әрі жарық.

Ғимаратқа ауруханаға қарасты бөлімдердің барлығы дерлік шоғырланып, медициналық ұйымның жұмысы оңтайландырылады. Ғимаратта 4 ота жасайтын блок бар. Сәулелерден қорғану мақсатында медициналық аппараттар орнатылған кабинеттердің қабырғалары барит минералынан жасалып, оларға қорғасын есіктер қойылған.

Жоба «Самұрық Қазына» қоры және «ӨзенМұнайГаз» АҚ қаржыландыруымен жүзеге асты.



Былтыр тіркелген он бес жол апатының оны балаларға қатысы болса, биылғы жарты жылдықта тіркелген он көлік апатының бесеуі балалармен байланысты болып отыр. Жол апатын болдырмау үшін ұйымдастырылып отырған шараның жаяу жүргіншілер мен жүргізушілер үшін маңызы зор.

Балаларды қорғау күні

Балалар қауіпсіздігі үшін

1 маусым балаларды қорғау күніне орай «Өзенмұнайгаз жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ демеушілігімен, қалалық қоғамдық кеңес, қала әкімдігімен бірлесе отырып, қаламыздағы жүргіншілер жолы жанына балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп оқушыларының бейнесі бар 16 макет орнатылды.

Аталған шараға Жаңаөзен қаласының әкімі Айбек Қосуақов, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Мақсат Ибағаров, Жаңаөзен қалалық қоғамдық кеңес төрағасы Аманжол Еділов, «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ-ның төрағалары ат салысты.

Шара барысында қала әкімі мен «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры мерекелік құттықтау сөз сөйлеп, акцияның қала тұрғындары үшін маңызды екеніне тоқталып өтті.

«Бұл жол оқиғаларын болдырмау мақсатында ұйым-

дастырылған игілікті шара. Өзіңізге мәлім жазғы демалыс кезінде көшеде балалар көп жүреді. Олар жолдан өткен кезде жүргізушілер назарына алыстан ілігетін макеттер жол ережесін сақтауға өз септігін тигізеді сөзсіз. Бала денсаулығы мен өмірі басты назарда. Балаларды қорғау күні құтты болсын. Ашық аспан, бақытты болашақ тілеймін», – деді бас директор.

Шара соңында балдырғандар мен жүргізушілерге мерекелік сыйлық үлестірілді.

Жақсылық жасап жарысайық

№5 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасында жұмысшылардың ұсынысымен 2021 жылдың қаңтар айында қайырымдылық қоры ашылды. Қазіргі таңда қордың құрамында екі жүзден аса адам бар.

Қайырымдылық қоры жалғыз басты ата-аналарға, көмек қажет ететін отбасыларға және күрделі ота талап ететін науқастарға көмек қолын созады. Қор мүшелері ең алдымен көмек алушылардың мәселелерін анықтап, қажеттіліктері туралы ақпарат жинайды. Оларға расында да қаражат қажет екеніне көз жеткізген соң жәрдемдеседі.

Осы уақытқа дейін қайырымдылық қоры тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік алып беріп, олардың денсаулығын сақтауға қаржы бөлген. Сондай-ақ

аз қамтылған жүз отбасыға тамақ таратқан. Оқу маусымы басталған кезде жағдайы төмен жүз оқушыға қаламсап, дәптер яғни мектепке керекті оқу-құралдарын алып берген.

Мұқтаж жандарға сүйіспеншілік пен қол ұшын беру шарасы 2022 жылы да жалғасын тапты. Осы жылы қайырымдылық қоры жалғызбасты анаға үй алып берді.

– 2021 жылдан бері қайырымдылықпен айналысқаннан кейін жағдайы жоқ, көмекке зәру жандардың баршылық екендігін

аңғардық. Шатыр жоқ, жауын-шашын болған жағдайда үйлерін су басып жатқан отбасыларды да көрдік. Сондықтан 2022 жылға басты мақсат бір отбасыға болса да үй алып беру болды, – деді № 5 СҚКБ жол қауіпсіздік аға инженері Амантай Шалабаев.

Аталған қор құрылғалы қаншама мұқтаж, жағдайы төмен, мүмкіндігі шектеулі отбасыларға көмек көрсеткен №5 СҚКБ-ның ерікті жұмысшылары осы күнге дейін көптеген адамдарға қуаныш сыйлап, олардың алғысын арқалады. Қордың игі істеріне береке



тілей отырып, зәру жандардың қамқоршысы болып жүрген жомарт жандардың сауапты істегі қажыр-қайраты мұқалмасын дейміз.





Ақтау қаласында өзінің өкілдігін ашты



Өкілдіктің ашылу шарасына «Қаз-МұнайГаз» ҰК»

АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев қатысты. ҚМГ өкілдігін ҚМГ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев басқарады.

ҚМГ Ақтаудағы қызметтік офисі батыс өңірдегі компаниялардың мына қызметтеріне жетекшілік ететін болады:

- жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдармен, ҚМГ еншілес және мердігерлік ұйымдарының кәсіподақтарымен өзара іс-қимыл жасау;
- тұрғындарды жұмыспен қамту шараларын үйлестіру;
- өндірістік бағдарламалардың, жоспарлы көрсеткіштердің орындалуын, кен орындарды игеруді бақылау;
- ҚМГ еншілес ұйымдарының Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі мен кадр мәселелері бойынша жұмыстарын үйлестіру;
- ҚМГ еншілес ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және басқа да қызметтер.

«Біз Маңғыстау облысында өңір тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бағытында бірқатар бастаманы іске асырып жатырмыз. Сондай-ақ мұнай мен газ қорларын ұлғайту және өндіру бойынша инвестициялық жобаларды жүргізудеміз. Бүгін Ақтауда ашылған офистік алдында маңызды міндеттер тұр. Оның үстіне компанияның топ-менеджменті мен мамандарының дәл осы жерде жұмыс істеуі өндірістік және әлеуметтік мәселелерді жедел әрі барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті М.Мырзағалиев өкілдіктің ашылуында.

Өкілдік офисі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес кәсіпорны «Қазақтөңізкөлікфлоты» ҰТҚҚ» ЖШС ғимаратында орналасатын болады.

Басқарма төрағасы сапар барысында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның өндірістік нысандарын аралады.



Қазақ Мұнайының айталмандары

«Мұнайшы» мәдениет үйінің кіші залында «Қазақ мұнайының ардақтылары» кітаптар сериясы бойынша жарық көріп отырған «Өмірім еңбекпен өрнектеген Ізберген Оспанов» және «Технологиялық көлік саласының майталманы Аманкелді Қылышбаев» атты қос бірдей кітаптың тұсаукесері өтті.

Тұсаукесерге Жаңаөзен қаласының әкімі Айбек Қосуақов, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай және газ өндіру департаментінің бас expertі Есен Өтеев, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Мақсат Ибағаров, көп жылдар мұнай саласында қызмет еткен өлкетанушы Алқажан Еділхан, белгілі журналистер Мейрамбай Қибаев, Үміт Жәлеке және кітап кейіпкерлерінің дос-жарандары мен ағайын-туыстары қатысты.

Үміт Жәлекенің авторлығымен жарық көріп отырған кітапта саналы ғұмырын Өзен кен орнын игеруге арнаған іскер басшы, табиғат байлығын халық игілігіне жаратуда ұзақ жылдар абыройлы еңбек еткен ардагер мұнайшы, «Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы» Ізберген Оспановтың өнегелі өмірі мен еңбек жолы, оның ынтымағы ұйыған отбасы, әке жолын қуған ұрпақтары туралы сыр шертілсе, Гүлайым Дәуітбай Маңғыстау өңіріне танымал ардагер мұнайшы, Өзен кен орнының игерілуі мен қалыптасуына, дамуына іскер азамат, білікті басшы ретінде ұзақ жылдар бойы сүбелі үлес қосып, зейнет демалысына шыққан Аманкелді Қылышбаевтың өмірі, оқып-жетілуі әрі қиын, әрі қызықты тағдыры мен еңбек майданындағы жансепіл қызметі туралы баяндайды.

Салтанатты жиын барысында шараға қатысушы қонақтар сөз сөйлеп, кітаптың шығуымен құттықтады. Өсекелең ұрпақ тәрбиесіне тигізер септігі мол екенін айтып, кітаптың өз оқырманын табуына тілектес екендіктерін жеткізді.

Кітап лентасын қала әкімі Айбек Қосуақов, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Мақсат Ибағаров, Тәңірберген Қылышбаев, ардагер журналист Асылбек Айдаров, Есен Өтеев, Аманжан Өтесінов, Мейрамбай Қибаевтар бірлесе қиды. Кітаптар келген қонақтарға үлестіріліп берілді.

Айта кетейік, аталған кітаптар Н.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының қолдауымен Алматы қаласынан жарық көріп отыр. «Қазақ мұнайының ардақтылары» сериясымен кітаптар 2006 жылдан бері жарық көріп келеді.



КАЙДЗЕН – табысқа бастайды

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, Өзен кен орнын дамыту мақсатында 2019 жылдан бері 5S жүйесіне негізделген «Ысырапсыз өндіріс» жобасын енгізді.

Сапа және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры Амантай Смадиновтың басшылығымен компанияға қарасты №1,2,3,4 МГӨБ-терге Кайдзен жобасы аса белсенділікпен енгізіліп, жұмыскерлер тарапынан қызу қолдауға ие болды. Бүгінде аталмыш жүйе өзге де басқармаларға қолданылып, оң нәтиже беріп жатыр.

«Кайдзен философиясы бойынша адамның жұмыс орны ғана емес, санасы да таза болуы керек. Сонда жұмыс жақсы жүреді. Мекемедегі әрбір қажетсіз зат, тіпті шаңы сүртілмеген терезе, ұзақ жылдар сыланбаған қабырғаға дейін адамның жұмыс істеуге деген ұмтылысына кедергі болады. Ретті, таза орында адамның жұмыс қабілеті артады. Басшыдан бастап қарапайым жұмысшыға дейін өз ісін жақсы көріп істесе, өндіріс алға басады. Басшысы мен қызметкері бір-біріне сенбейтін, әрқайсысы өз қамын ойлайтын ұжымға кайдзенді қалай тықпаласаң да қабылдамайды» – деді А.Смадинов.

Тұлғалық қабілетті дамыту

Шілде айының 12 мен 15 күндері аралығында Ақтау қаласында компаниядағы жерасты жөндеу жұмыстары (ПРС) бригадасының операторларының қатысуымен «Тұлғалық қабілетті дамыту» атты семинар-тренинг өтті.

80-ге жуық мұнайшы қатысқан оқуға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдігінің атқарушы директоры Есен Өтеев пен компанияның бас директоры Мақсат Ибағаров келіп, әріптестеріне сәттілік тілеп, өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Бас директордың мемлекеттік органдармен байланыс және әлеуметтік жобаларды басқару жөніндегі орынбасары Бауыржан Мәмбетсапаев қатысып, қала деңгейінде ел игілігі үшін атқарылып жатқан жобалар туралы сөз қозғады.

Ұжымдағы әр азаматтың жеке дамуы – жалпы сапа көрсеткішіне оң әсерін тигізеді сөзсіз. Бұл өз кезегінде ұжымдық бірліктің орнап, қуаттың артуына ықпал етеді. Өткізілген шарада әр маманның жеке қабілеттерін байқау, тұлға ретінде тану және ортақ мүддеде топтық жұмыс жасау қадамдары айтылды. Қызметкерлерге теориялық тұрғыда мағлұмат пен әр түрлі тығырықтан шығуға бағытталған ситуациялық тапсырма берілді. Тыңдаушылар белсенділік танытып, өзара пікір алмасып, ойын ортаға салды.





ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЙГЕН ЕР



Мұрат Шуақбаев «Өзенэнергомұнай» басқармасы №2 Өндірістік-энергетикалық қызметке қарасты №6 өндірістік-технологиялық учаскесінің аға шебері болып қызмет істейді. Ұжым арасында беделді азамат жастайынан еңбекке етене араласып, жалынды жастық шағы өндірістің қауырт тіршілігімен қатар өтті.

Еңбекқор жан 1980 жылы 13 қыркүйекте Атырау облысы Қызылқоға ауданы, Мұқыр стансысында туған. Өке-шешесі 1985 жылы Маңғыстауға қоныс аударады. Мұрат ата-әжесінің тәрбиесінде болып, 3-сыныпқа дейін Атырауда оқиды.

– Мен 9-сыныптан соң «Өзенэнергомұнай» мекемесінің электр қозғалтқыш жөндейтін цехта слесарь болып, жұмысқа орналастым. 1998 жылы Отан алдындағы борышты өтеп қайттым. Өскерден соң қайтадан жұмыс. Өндіріс.

Еңбек кітапшам 14 жасымда ашылды. Бала кезден үлкен кісілерге қарап бой түзеп, бір шаруаның басынан табылып, қолғабыс етуге, көп нәрсені үйренуге талпынатынмын. Сол қызығушылығым мені өмірлік кәсібіме жол бастады. Әр жылдары №6 ӨТУ, №2 ӨЭҚ-да электр болып жұмыс істедім. 2016 жылға дейін кезекші электро-монтер болып, қазіргі таңда аталған уческенің шебері болып еңбек етіп келемін, – дейді Мұрат.

Мұраттың әкесі Серік Шуақбайұлы бар-жоғы 34 жасында жұниеден озды. Ол кісі де «Өзенэнергомұнай» басқармасында жабдықтаушы болып жұмыс істеді.

Жастайынан еңбек қазанында піскен Мұрат білімін жетілдіру мақсатында М.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетіне түсіп, электр энергетикасы мамандығын алып шығады. Білімді де білікті маман бүгінде электромонтерлер шебері қызметін абыроймен атқарып жүр. Өндірістегі энергетика саласының күрмеуі мол қат-қабат тірлігі осы сала мамандарының ұдайы назарында тұрады.

– Қосалқы стансылар, качалкалар, цех насостары секілді құрылғылардың бойына электр желілері қызметінің жүйелі жеткізілуін қадағалаймыз. Кем-кетік тұстар байқалса тез қалпына келтіруге күш саламыз. Өндіріс жұмысы кідіріссіз жүргізілетін процесс екені белгілі. Бұл ретте мұнай өндіретін качалкалардың бір де бірі тоқтап қалмауы үшін электр қуатының маңызы аса зор. Сондықтан электромонтерлер өте мұқият жұмыс істейді. Барлық нысанға тоқ үнемі келіп тұруы керек. Жедел жағдайда күн-түнге қарамай өндіріс басында жүреміз. Бригададағы 11 адам техника қауіпсіздігін сақтай отыра, өз міндетін қалтқысыз орындап келеді, – деп ұжымның ұйымшылдығын атап өтті.

Мұрат еңбек ететін бригада техникалық қауіпсіздік бойынша жыл сайын сынақ тапсырады. Ұжым ішінде айына екі рет арнайы оқу да ұйымдастырылады. Бүгінде өндірістің ахуалы айтарлықтай жақсарған. Қызметкерлер үшін арнайы киімдер жыл сайын жаңартылып, қажетті құрал-жабдықтармен толықтай қамтылған.

Кез келген жас маманның кәсіби толысуында бағыт-бағдар берер аға буынның рөлі аса айрықша. Бұл орайда Мұрат үлгі тұтар ұстаздарын әлі күнге ұмытпайды. «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» деген қазақ тәмсілінің бір көрінісі осы десек болады. Энергетика саласының қыр-сырына тереңдей бойлатқан аға буын өкілдерін Мұрат ерекше құрметпен еске алып, есімдерін түгелдей дерлік атап өтті.

– Алғаш жұмысқа кіргенде электр қозғалтқыш цехында Келдібай Сайын деген кісі болды. Өкемнің туған ағасы еді. Шебер болып істеді. Сол кісінің қасында екі жылдай жүріп тәжірибе жинадым. Одан кейін Сырлыбай Ерленов деген шеберден түйгенім көп. Цех бастығы болған Келдігүл Биманов, Бектіғали Канелов, Зорбай Бердиев, Құдайберген Ермағамбетов, шеберлер Алшынбай Дәулетбаев, Сатима Құдайбергенов, Сатиман Құдайбергенов, Серікбай Жапаров, Қанат Қаламбаев, қазіргі басшыларымыз Серікбай Жаппаров, №2 ӨЭҚ жетекшісі Арыс Со-янов, жетекші орынбасар Қанат Қабанбаевтан әлі де үйренеміз көп. Үзегілес жұмыс істей жүре кәсіби тұрғыда жетіле түстік. Ағаларға алғаусыз рақметімді, риясыз пейілімді білдіремін, – дейді Мұрат.

– Алғаш жұмысқа кіргенде электр қозғалтқыш цехында Келдібай Сайын деген кісі болды. Өкемнің туған ағасы еді. Шебер болып істеді. Сол кісінің қасында екі жылдай жүріп тәжірибе жинадым. Одан кейін Сырлыбай Ерленов деген шеберден түйгенім көп. Цех бастығы болған Келдігүл Биманов, Бектіғали Канелов, Зорбай Бердиев, Құдайберген Ермағамбетов, шеберлер Алшынбай Дәулетбаев, Сатима Құдайбергенов, Сатиман Құдайбергенов, Серікбай Жапаров, Қанат Қаламбаев, қазіргі басшыларымыз Серікбай Жаппаров, №2 ӨЭҚ жетекшісі Арыс Со-янов, жетекші орынбасар Қанат Қабанбаевтан әлі де үйренеміз көп. Үзегілес жұмыс істей жүре кәсіби тұрғыда жетіле түстік. Ағаларға алғаусыз рақметімді, риясыз пейілімді білдіремін, – дейді Мұрат.

№2 Өндірістік-энергетикалық қызметке қарасты №6 өндірістік-технологиялық учаскесі жұмыста әркез жетістіктікке жетіп, қоғамдық, мәдени-спорттық сайыста жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Мұрат Шуақбаев 2009 жылы цех линиясында өткен жарыста екінші орын алса, 2021 жылы өз ұжымы – №6 өндірістік-технологиялық учаскесі «Өзенмұнайгаз» АҚ «Өзенэнергомұнай» басқармасының «Үздік өндірістік-технологиялық учаске» номинациясымен марапатталды.

Мұрат-бақытты шаңырақтың иесі. Құдай қосқан қосағы Ырысжан Дүйсеғалиевамен 4 қыз тәрбиелеп, қызық-қуанышын елінің ортасында базарлап отырған абзал азамат. Ал азаматқа еліне қызмет етуден, ұрпағын ұшпаққа шығарам деп тірлік кешуден артық мұрат бар ма?!

– Мұрат – жақсы азамат, өз ісінің маманы. Жұмысына тиянақты. Осы саланың ыстық-суығына бір кісідей төзіп келеді. Мен отыз жылдан аса осы мекемеде жұмыс істеймін. Мұратты 2002 жылдан бері танимын. Үлкенге кішіпейіл, кішіге сыйлы, бәрімен тез тіл табысады, – дейді әріптесі Қалампыр Мұрынова.

Мұрат Шуақбаев сынды еңбекпен есейген ерлер мен өндірістің жұмысын өрге сүйреген бригада ұжымы үшін алар асу, биік белестер әлі де алда.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» КОМПАНИЯСЫНДА

арнайы жаңа техника пайдалануға берілді

Бүгінде «Өзенмұнайгаз» компаниясында еңбек етіп жүрген жұмысшыларға барлық жағдай жасалып келеді. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайларының жақсаруымен қатар олардың жақсы жұмыс жасауына арнайы жаңа техникалар да алынууда. Мәселен жақында №3 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасына су жаңа түркиялық Hidrotek экскаватор-погрузчигі пайдалануға берілді. Жаңа техника жүргізушілерге қуаныш сыйлап, жұмысқа деген құлшынысын арттыратыны сөзсіз.

№3 СҚКБ бас инженері Қуандық ЖҮГЕНБАЕВ:

– Біздің мекемеде биылғы жылы алғашқы болып Қытайда шығарылған автокран алынды. Одан соң Түркия елінде жасақталған трактор пайдалануға берілді. Жаңа техникалар жер қазу, тегістеу, тауды қопару сияқты жұмыстарды атқарады. Арнайы техникалар барлық сараптамадан өтті, мамандарымыз білікті, тәжірибесі мол жандар. Техникаларды жеткізуші тараптан қабылдап алған кезде жүргізушілеріміз іске қосу тетіктерін үйреніп алды. Бүгінде мекемеде 410 адам еңбек етеді. «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты транспорт мекемелері ішінде №3 СҚКБ автопаркі ең ескі болып саналады. Басшылар мен мекеме жұмысшыларының арқасында соңғы уақытта паркті жаңарту бойынша жұмыстар жүрде. Мекемеміз өндіріске қызмет көрсетеді. Бір күнде сұраныс бойынша 160-қа жуық техникамыз өндіріске шығады.



Исенбай КӨНЕБАЕВ, экскаватор жүргізушісі:

– Мен №3 СҚКБ 25 жылдан бері қызмет етіп келемін. Түркияда өндірілген жаңа техникаға келіп жатыр. Қуанышымызда шек жоқ. Жұмысшыларға еңбек етуге қолайлы жағдай жасап жүретін компания басшыларына алғысымыз айтамыз. Жаңа техникамыз ішінде мұздатқыш бар. Осыған дейін бірнеше жыл трактор айдап, тоздырдым. Ол әлі де жұмысқа жарамды. Дегенмен жаңаның аты жаңа. Өзен мұнайының артуына үлес қосуға, алға қарай дамуға деген құлшынысымыз артып жатыр.

Құрылыс қарқыны бәсеңдемейді

Күрделі құрылыс департаментінде 2022 жылдың басынан бері біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтатын болсақ, бүгінгі күні бұрғылаудан шыққан 147 мұнай скважинасын жайластыру жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек №3 мұнай газ өндіру басқармасына қарасты №74 топтық қондырғысының ғимараты жөндеуден өткізілді. №3 МГӨБ-тің №16, 69 топтық қондырғыларында құрылыс жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ №10 МГӨЦ-ке қызмет көрсететін БӨАЖА (АЖТБ) бригадалары мен №6 цех әкімшілігі үшін 30 орындық әкімшілік тұрмыстық кешен салынып, пайдалануға берілді.

№1,2 СҚКБ базасының алаңына асфальт жабындылары төселді. Құрылыс саласының мамандары сапаны бірінші орынға қояды. Олар құрылыс қарқыны бәсеңдемейтінін айтады.



ДӘМДІ ТАҒАМ ҰСЫНҒАН АСПАЗ



Әлемнің әміршісі – еңбек». Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек. «Ас – адамның арқауы» дегендей, аспаз болып бірнеше жылдан бері қызмет атқарып жүрген Дина Медиманованың пісірген тамағын мұнайшылар жоғары бағалайды.

Дина Медиманова Қ. Күржіманұлы атындағы №8 орта мектептің үздік түлегі. Ол мектеп оқушысы кезінен аспаз болуды армандады. Өйткені ол жастайынан анасына көмектесіп, дәмді тамақ пісіруді ұнататын еді. Дина алғашқы еңбек жолын «KMG» мекемесінде аспаз болудан бастады. Өзінің бала кезіндегі аспаз боламын деген арманы орындалды. Аспаздық – өз алдында бір сала, мамандық. Тағам дайындау – мамандық емес, ол – өнер. Оған еңбек, ынта-ықылас пен шеберлік, жігер және талап керек.

Бүгінде Дина №3 МГӨБ-ке қарасты асханада еңбек етеді. Асхана менгерушісі Алтынай Дауленбаева бастаған асхана ұжымы аптаның әр күнінде әртүрлі тағам дайындайды. Мәселен сарсенбі күні ұлтық тағам асылған ет, бауырсақ, қуырдақ пісіріп, жұмысшыларға ұсынады. Ал бейсенбі күні балық, жұма жеті шеплек нан пісіріп сөреге қойылады. Кейіпкеріміз Дина күнделікті жейтін ыстық тағам дайындаумен қатар, стейк, шығыс, Еуропа елдерінің асын және төтті торттарды да дәмді етіп әзірлейді. Оның пісірген тағамдарынан дәм тататын жұмысшылар алғысын айтып, ақ батасын беріп кетеді. Ұлы Абай акынның шешесі Зере анамыз «дәретсіз бала емізбеген» дегендей, Дина бес уақыт намазын тастамай, оразасын ұстайтын, қашан да жүзі күлімдеп тұратын иманды жан.

Дина Медиманова өзінің аспаздық біліктілігін көтеру мақсатында үнемі әртүрлі курстарға қатысып жүреді. Аспаздар арасында өтетін байқауда жүлделі орындарға ие болады. Дина аспаздық өнерінен басқа баскетбол да ойнай алады. Жанаөзен қаласының құрама командасында ойын көрсетіп, спорттық шараларда талай мәрте жүлдеге ие болды.

Дина жұмысында тәжірибелі аспаз болса, отбасында аяулы ана. Немере-жиен көріп, қызықтап отырған әже.

«Ас-адамның арқауы»,
Аспаз қыз оны біледі.
Дәмді етіп бар қауымды.
Ас-ауқат беріп жүреді.
Енбегі оның еленер,
Алғысты алып әр күні
Гүлге де құшақ бөленер,
Құттықтап мейрам барлығы,
Бақтың тасып, ырыс боп,
Шаттықты қайғы жеңбесін.
Орнасын басқа тыныштық,
Қолың да дертті көрмесін.

Аспаз ол – үлкен мамандық,
Тамағы тілді үйірген.
Сыйлайтын жанға денсаулық,
Өнерді түйген түйіннен.
Қолыңыздан тараған,
Керемет дәм мен көңіл-күй.
Бақ, байлық сізге тілесін,
Дәм татқан сізден әрбір үй.
Арманыңыз көп болсын.
Орындалар барлығы.
Бар жұмысшы тоқ болсын,
Айналып сізді бақ нұры.



ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ

ЖҮЙРІК ЕСЕПШІ

Бала Ахмет

Компанияда өз ісіне жан-тәнімен берілген, ісінде абырой, салмақ, сөзінен қарағанда ісі көп, таза жүректі жандар аз емес. Солардың бірі қазынашылық департаментінің директоры Ахмет Қожанепесов.

Ахмет Мәткірұлы Совет дәуірінде дүниеге келіп, сол дәуірде оқу-білімді игеріп, жерге деген ыстық ықыласымен әлі күнге дейін беріле қызмет етіп жүрген ел ағасы. Ол 1961 жылы наурыз айының 28-де дүниеге келген. Мектепте математика пәнін ерекше жақсы көріп, оқитын болған. Сол кезден-ақ оның келешекте жүйрік есепші маман болатынын аңғаруға болады.

Болашаққа қадам

Ахмет мектепті бітірген соң ойланбастан Алматы қаласындағы есеп-несие техникумына құжат тапсырады. Алғашқы еңбек жолын Өзендегі АТП-5 мекемесінде слесарь болып бастайды. 1984-1985 жылдар аралығында Стройбанк, Госбанкте еңбек етеді. Жас маман банкте жұмыс жасап жүріп, көп тәжірибе жинайды. 1985 жылдың тамыз айының 13-нен бастап «Узенефть» мекемесіне есепші болып жұмысқа орналасады. Өз ісіне деген жауапкершілігі мен біліктілігінің арқасында бас есепшісінің орынбасары лауазымына дейін өседі. 1996 жылы №1 МГӨБ-тің бас есепшісі қызметіне ауысады. Оқуын ары қарай жалғастыру мақсатында Еуразия нарық институтына түсіп, 1997 жылы экономика және менеджмент саласы бойынша біліктілігін көтереді. Жұмыс пен оқуды қатар алып жүрген білікті маман 1997 жылы компанияның мұнай және газ игеру басқармасының бас есепшісі қызметін атқарады. 2000-2012 жылдары «Өзенмұнайгаз» АҚ бас есепшісі болып абыройлы еңбек етті.

Сағындырған жұмыс

Кейіпкеріміздің 2014 жылы денсаулығы сыр беріп, жұмыстан үзіліс алып, емделеді. Компания басшылары білікті маман Ахметті үйінде көп жатқызбай, жұмысқа қайтадан келуіне өтініш жасайды. Өйткені Ахмет Қожанепесовтей есепші маманды табу қиын. 2017 жылы денсаулығы жақсарғаннан кейін ол жұмысына оралып, қазынашылық департаментінің директоры лауазымына тағайындалады.

Ахмет Қожанепесовті әріптестері өте білімді маман, мінезі жайсаң, сабырлы жан ретінде құрметтейді. Оның еңбек жолындағы тәжірибесі 37 жыл болса, соның 30 жылы мұнай – газ саласында өтіп келеді екен. Еңбек еткен жылдары аралығында мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан қомақты үлесі үшін Құрмет грамоталарымен марапатталған. Сонымен қатар Маңғыстау мұнайына – 50 жыл, Жаңаөзен қаласына – 40 жыл медалінің иегері.

Өткен күнге шегініс

– Біздің жұмыстың қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Жұмысымызды қызыға жүріп атқарамыз. Ауызбіршілігі мен татулығы бар мамандар жұмыс істейді. Әркім өз



ісіне жауапты.

Қазіргі таңда шүкір, барлығы электронды түрге көшкен. Заман талабына сай жаңашылдықпен жұмыс істеудеміз. Ең бастысы, бір саннан болмаса таңбадан қате жібермеу керек. Қателескен саныңыз үлкен сомаға айналуы мүмкін. Сондықтан асқан мұқияттылық пен шапшаңдықты, жүйріктік пен ептілікті, жауапкершілікті қажет ететін мамандықтың бірі болып есептеледі, – дейді жүйрік есепші Ахмет Қожанепесов.

Отбасы бақыты

Есеп-қисапқа жүйрік, жұмыста жауапкершілігі жоғары есепші өмірлік серігі Зухра Қанайқызы екеуі ұл мен қыз тәрбиелеп, олардан немере, жиен сүйіп отырған ардақты жандар. Ахмет бос уақытында үйінің ауласына әртүрлі жеміс ағаштарын отырғызумен айналысады.

Әр адам – бір кітап

«Әр адам – бір кітап» деген тәмсіл адам өмірінің өткені мен бүгінін саралап, ғибраты мен тағылымын бағалағаннан туған өрелі ұғым. Ахметтің тектілігі өз алдына азаматтығы мен принципшілдігі, алдына бір мақсат қойып, оған жетудегі жігер қайраты өз жемісін берді. Соның айғағы оны айналасы ел ағасы деп үлкен құрметпен қарап, мақтан тұтады.





«Жаңаөзен қаласы әкімдігі» қолдауымен, «Өзенмұнайгаз» АҚ демеушілігімен «Аққанат» атшабарында қазақтың ұлттық спорт түрлерінен жарыс өтті. Аталған іс-шараға «Ұлы Дала-Маңғыстау» және «Арман тұлпарлары» Жаңаөзен ұлттық ат спорт түрлері федерациялары да ат салысты.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҚҰНДЫ МҰРАСЫ

Жаңаөзен қаласының құрметті азаматтары мен мұнайшылары Бекболат Нұрлыбаев, Жүгініс Жарылғапов, Жұмабек Әбишаев, Қалпақ Наурызмағанбетов, Мұрат Сариев, Саламат Бекназаров, жас бұрғышы Жансерік Нұрымды еске алуға арналған шараның ашылу салтанатында алғашқы сөзді Жаңаөзен қаласының әкімі А.Қосауақов пен «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры М.Ибағаров алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Шара барысында Жаңаөзен қаласының Ұлттық спортына өзіндік үлесін қосып, қолдау көрсеткен бірқатар азаматтар Жаңаөзен қаласы әкімінің Алғысымен марапатталды. Екі күнге созылған аударыспақ, «жамбы ату», «теңге ілу», «тазы жарысы», «теріге сурет салу», «тай жарысы», «кіші аламан», «аламан», «құнан», «ұшқыр» бәйгелерінен топ жарғандар жүлделі орындарға ие болды.

– «Қараторғай» жүйрікпен кіші аламан бәйгеден бірінші болып келдім. Менің қуанышымда шек жоқ. Атқа төртінші сыныптан бері мініп жүрмін. Бәйгелерге қатысып жүргеніме үш жыл болды. Атқа мінуді, отыруды, ептілікті ағам үйретті. Ұзақ шықырымға шабуға үйрендім. Бәйгелер демалыс уақытында болады. Сондықтан сабағыма кері әсері жоқ, – дейді шабандоз Мирас Нұратдин.

«Ұлттық ойындар – ұлтымыздың құнды мұрасы» атты ұлттық спорт түрлерінен өткен жарыста алыстан ат арытып келген спорт сүйер қауымға арналып екі темір үй тігіліп, қонақасы берілді. Шара соңында «Мұнайшы» және «Кендірлі» мәдениет үйлерінің өнерпаздары арнайы ұлттық ойындарға арналған концерттік бағдарламасын көрсетті. Әнмен әдіптеліп, күймен көмкерілген концерттен соң көпшілік марқұмдардың жақсы қасиеттерін еске алып, рухтарына құран бағыштады.



№1 МГӨБ Жерасты жабдықтарын диагностикалау және жөндеу цехында 5 дәрежелі такелажник болып жұмыс істейтін Бауыржан Тәжіқұлов велоспортпен айналысады.

ЖАҢАӨЗЕНДІК ВЕЛОСПОРТШЫ

Бауыржан Меретұлы 2018 жылдан бері кәсіби велоспортпен айналыса бастаған. Табиғатты ерекше жақсы көретін жігіт экологияны ластайтын көлікпен жүргеннен гөрі, денсаулыққа пайдалы тигізетін велосипедпен жүргенді ұнатады. Алғашқы веложорығы Бекет атаны зиярат етуден басталады. Табиғаттың сұлулығына велосипед үстінде отырып тамсанған Бауыржан Тәжіқұлов веложорықты жалғастыруды ойлайды. Үйіне келе сала, келесі маршрутты жоспарлайды. Велосипедпен Маңғыстаудың Бозжыра, Шайыр, Шопан ата, Қарынжарық, Түзбайыр, Таңбалы сай, Жығылған, Кендірлі, Көгез, Отпан тау сынды көрікті жерлерін аралаған. Алдағы уақытта да хоббиін жалғастыра бермек.

Қазіргі кезде Бауыржан Тәжіқұловқа қарап велоспортқа қызығушылық танытқан мұнайшылар саны артуда. Олар да Бауыржанмен бірге велосипедпен маңғаз Маңғыстауды аралап жүр. Барлық веложорықтың жоспарын Бауыржан Тәжіқұлов өзі құрады.

– Маңғыстау өңірі туризмге өте қолайлы. Әсіресе велотуризмге. Таулы, ойықты жерлерде велосипед айдау оңай. Сондай-ақ 12 айдың 11 айында велосипед айдауға болады. Веложорықтың маршрутын бекіткен кезде желдің бағытына қарай қолайластыру керек. Маршрутты дұрыстап жоспарлап, сапалы велосипед болса болғаны. Осы уақытқа дейін Маңғыстаудың біраз жерінде болдым. Ендігі мақсатым осы велотурды облысымызда дамыту. Өңіріміздің тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, – дейді Бауыржан Тәжіқұлов.

Велотурды дамыту үшін таныстыру, қауіпсіздік және ұйымдастыру секілді үш ережені білу керек екенін айтады Бауыржан Меретұлы. Таныстыру ережесін білген адам моралдық тұрғыдан дайын болады, ал, қауіпсіздікті жетік меңгерген кезде жарақаттардан сақтанады. Осы екі ережені қадағалаған уақытта ғана веложорық дұрыс ұйымдастырылады. Әр веложорықтан жаңа тәжірибе жинайтын Бауыржан Тәжіқұлов велосипедпен қасиетті Мекке қаласына баруды армандайды.

Компанияның жұмысшыларын салауатты өмір салтын сақтауға шақырып, өңіріміздің дамуына үлес қосып жүрген Бауыржан Тәжіқұлов болашақ ұрпаққа үлгі өнеге. Ол велотурды дамытуы арқылы жастарға жаңа табыс көзін ойластыруға жол ашады. Табанды жанға алға қойған мақсаттары орындалып, жұмысы өрлей берсін деген тілек айтамыз.



ҮКІЛІ ҮМІТ

Есепті шекілдеуікше шағатын ГҮЛНАЗ

Өзен энергомұнай басқармасы, №2 өндірістік технологиялық учаске шебері Бауыржан Бердиевтің тұңғыш қызы Гүлназ алғыр балапан. Ол ақыл-ой қабілетін ойда санақ жүргізу арқылы дамытатын менталды арифметикамен 1-сыныптан бері шұғылданып келеді. 4 жылдан бері есепті шекілдеуікше шағатын Гүлназдың бағындырған белестері аз емес.


10 жастағы мектеп оқушысы республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы. Атап айтсақ Тәжікстан Республикасының Душанбе қаласында және Дубай қаласында өткен менталды арифметикадан халықаралық жарыстарда жүлделі орындарға ие болған. Сондай-ақ Египетте өткен жарыста бас жүлдені иемденген.

– Менталды арифметикадан Шарм-Эль-Шейх қаласында халықаралық жарысқа қатыстым. 18 елден келген қатысушылардың ішінен чемпион атандым. Жарыс өте керемет өтті. Ол елде бізді жақсы қарсы алды. Египет елінің көрікті жерлерін тамашаладық. Соның ішінде Каир қаласындағы әлемнің 7 кереметіне кіретін Пирамида, сафари және тағы басқа да қызықты орындарда болдық, – дейді Гүлназ Зорбай.

№5 мектеп-гимназия үздік оқушысының бірі Гүлназ Бауыржанқызы қосымша би өнерімен де шұғылданады. Ол 2022 жылы Алматы қаласында өткен би байқауында үнді және Африка биін билеп, Гран при иеленген. Мектепте озат оқушы, халықаралық жарыс жеңімпазы және мың бұралған биші Гүлназ Зорбайдан ата-анасы мен гимназия мектеп әкімшілігі үлкен үміт күтеді.

– Біліктілік пен алғырлықты талап ететін есептеуді үйреткен ұстаздарына алғыс айтамын. Биыл Гүлназ қызым бастауышпен қоштасты. 4-сыныпты озат бітірген қызымның болашағы жарқын болады деген сенімдемін, – деді Бауыржан Бердиев.

Қазіргі таңда Гүлназ қырғыз елі, Ыстық көл жағасында Азия елдері арасында өтетін жарысқа дайындық үстінде. Білімді балапанның жүлделі орын иегері атануына тілектеспіз. Үнемі серігі сәттілік болсын!



КИНО адамды өзгертеді


Назарыңызға режиссер Рам Мадхванидің өмірде болған оқиға желісімен түсірілген «Нирджа» фильмін ұсынамыз.



Нирджа Бханот «РА 73» рейсінде аға бортсерік болып қызмет атқарады. Мумбай қаласынан ұшып шыққан ұшақ таңғы 05:00-де пәкістандық Карачи қаласына қонады. Сол кезде қаруланған төрт лаңкес жолаушылар мен экипажды кепілге алады. Ұшақ кабинасында экипаждың үш мүшесі: ұшқыш, екінші ұшқыш және бортинженер болды. Нирджа ұшақтың басып алынғанын уақытында хабарлап, олар қашып үлгереді.

17 сағат өткеннен кейін лаңкестер зарядтарды жарып, ата бастайды. Нирджа Бханот апаттық есікті ашып, көп жолаушылардың ұшақтан шығып, қашып кетуіне көмектеседі. От пен оқтың, өмір мен өлімнің арасында жүріп үш балақайды құтқармақ ниетпен кеудесін оққа тосып, қаза болады.

«Ерлік білектен емес, жүректен» деген сөз өзгелер үшін өз өмірін құрбан еткен Нирджаға қатысты айтылғандай. Үлкен ерлік жасаған жас, ерік-жігерлі батыл қыз Нирджа Бханот туралы фильмді көріңіз, өкінбейсіз!



ЖЕСІР (әңгіме) КЕЛІНШЕК

Ақбөпе құрбыларының айтуынша «не удачно» байға тиіп, бүгінде жесір келіншек атанып отыр. 21 ғасырға тән қасірет. Бай жоқ, бай болмағасын сәйкесінше бала да жоқ.

Аппақ халат киіп алып, дәріханада тұратын сүйкімді келіншекке көзі түсіп жүрген еркектер жетіп артылады. Ал Ақбөпе жаңа жылда шырша түбінен сыйлық күткен баладай шынайы махаббат күтіп жүр. Оған түнде қорылдайтын, кез келген жерге шуаш шұлығын тастайтын, үйде темекі тартатын ішпыстырарлық еркек керек емес.

Жалпы келіншек еркектерге күмәнмен қарайды. Марқұм әкесі өле-өлгенше ішті, шешесі жылап, бұл қатарынан ұялатын еді. Бүгінде әке де шеше де жоқ. Жалғыз қалғасын бұл өзін жаралы құс сияқты сезінетін болып жүр.

Ақылды жан 30-дан кейін жастың алды-артына қарамай зулайтынын да байқап жүр. Уақыт анау-мынау емес кәдімгідей қанат байлап ұшып барады. Ауық-ауық дәріханаға көрші еркек бас сұғады. Қарап тұрмай «қазір не көп, жесір қатын көп, ымдасам кез келгені ит сияқты соңымнан жүгіріп келеді» – деп жанын жаралайтын сөз айтып кетеді.

Ақбөпе соңғы кездері түсінде ақ көйлек киіп, байға тиіп жатып оянып кетеді. Қазақ «түс-түлкінің боғы» десе де, жас қатын түсін жақсылыққа жорып, кәдімгідей қуанып қалады. Тіпті ең қызық жеріне келгенде оянып кететініне кәдімгідей қынжылып қалатын болып жүр. Бәрінен де сүйіктісінің бет әлпетін көре алмай арманда қалады. Әйтеуір бойы ұзын, өзінен әлдеқайда жас секілді көрінеді. Тізерлеп тұрып, өзіне раушан гүлін ұсынады.

Торығып кетсе, «Армандапсың ақ тоқты...» – деп өзін кекетіп қоятыны да бар.

Демалыс күндері аң пішіндес печеньелерді жеп отырып, оңаша отырып кино көргенді ұнатады. Кітап оқиды. Классикалық музыка тыңдайды. Тіл үйрену мақсатында курсқа жазылды. Саяхатқа деп үйіне ремонт та жасамай, қаражат жинап жатыр. Бұл туралы құрбыларына тіс жарған емес. Олар бұның қиялилығына күледі. Оның үстіне әзірше қомақты қаражат та жинала қойған жоқ. Доллар да, азық-түлік де көтеріліп кетті.

10 жасар баласы мен беш тиын таппайтын маскүнем байы бар Жеміс деген құрбысы «Ойпырмай, бүгін базарға барып едім, бәрі қымбат, қасына жақындасаң шағып алады. Айналайын-ау, үкімет жарықтық қайда қарап отыр?! Мына жүріспен қоңыз теріп, кептердің етін жеп кетпесек болар еді» – деп қара аспанды төндіріп кетеді. Дәрігерлер

баласына даун деген диагноз қойған Жемістің де шекесінің шылқып жүргені шамалы. Соңғы кезде 10 жылға қартайып кетті.

Ақбөпе Жемістің сөзінен шаршап кетеді. Оның «өмір қымбаттап кетті, жұмыссыздық белең алып барады»-дегендерін құлағының сыртынан өткізіп жіберуге тырысып бағады. Теледидарын сатып жіберген жесір келіншектің өмірінен «сайлау, үкімет, партия» сияқты дүниелер тыс... Қызықтырмайды.

Боларға да болмасқа да күйіп-пісіп күйгелектеніп кететін Жеміске жаны ашиды. Өткенде ас үйге кездейсоқ бір шыбын кіріп кетіп еді «құдайым-ай, ана шыбынның басын жұлындаршы, нервке тиіп кетті ғой» деп қаралай шаршап қалды.

Екінші құрбысы Зәуреш өз сөзімен айтқанда өзін өзі іздеп жүрген қарапайым жан. Ауылдық жерден келген ол сөйлегенде сөздің түбін түсіреді. «Халқым-ау, шіліңгір шілдең болса мынау, дүниені шыжғыра бастады. Малды қайдам, мына күннің аптабы адамның миын қайнатып барады» – деп үйге сөйлей кіреді.

«Сен сияқтылар түрмеде шіриді. Сабақ оқығың келмейді. Тәтті-жұмсақ жеп, диванда жатқың келеді» – деп баласын жерден алып, жерге салып жатқан Жемісті Зәуреш бар ақылын айтып, сабырға шақырады.

Шағын қалада бас сұғатын жер көп емес. Үш құрбы ауық-ауық бас қосып, өзара ірілі-ұсақты проблемаларын ортаға салады. Үшеуі бүгін Ақбөпе тапсырыспен алдыртқан қой етінен дайындалған кәуапты аш қасқырларша жұлып жеді.

«Ай етке бір тойдым-ау! Енді көк шай әкел. Қан тамырларына да пайдалы, әрі тісті сарғайтпайды» – деді Жеміс қыз беріп отырған құдағайдай кергі сөйлеп...

Ақбөпе Жемістің баласына деп саяхатқа шығу үшін іш киім мен колготкиінен үнемдеп жинап жүрген ақшасының шетінен пицца да алдырды. «Өлгенде көрген бір төбелес» демекші құрбыларына өзі ұнататын тирамисумен шай берді.

Дәл осы кезді аңдып тұрғандай өзімен қатар көрші келіншек бас сұғып, байынан, енесінен стресс болып жүргенін, төртінші қабатта тұратын пенсидеге шалдың жүрегі ауырып, кардиология бөліміне түскенін, кеше өзінің бүтін тауықты қалай пісіргенін, түнімен жөтеліп жүргенін жыр қылып айтып кетті. Көр-жерді қоңырсытқан көрші қатын ас үйдегі таза ауаны жұтып кеткендей, Ақбөпе орнынан тұрып, желдеткішті ашты.

Ол кеткесін ойланып қалған Жеміс «бұл өзі не болып кетті, байы жоқ қатын да стресс, байы бар қатын да стресс» – деді тісін шұқып отырып. Оған етке тыңқиып тойып алған үшеу ішек-сілелері қатқанша күліп алды.

Кетіп бара жатып Жеміс «еркек деген тас дәуірінде де мамонт аулап, отбасын асырамаушы ма еді...»-деді мұңайып. Зәуреш күрсінді. Ақбөпенің көңлі сабындай бұзылды. Көзі дәлізде ілініп тұрған Ален Делонның фотосына түсті.

Өз буына өзі піскен, қайта оралмас 18 гүл дәурені есіне түскен Ақбөпенің іші уылжып сала берді...



Межіре

Қайғырмадым да, жыламадым,
Қалай бар,
Солай қабылдадым.
Десем мен,
Өтірікішімін,
Сөзіме сәйкес келмейтін ісім.
Иә, рас жылағанмын да,
Күрсініп атырдым таңымды да.
Шындық дәмі қашан да ащы,
Қайда барармыз тағдырдан қашып.
Шежіре кітап тоқтапты.
Әкем аты жалғаусыз қапты.
Білсем де өлшеулі уақыт барын,
Бұл жайт менің жаныма батты.
Әулеттің соңы әкем емес-ті,
Жалғыз ұлы да келмекке кетті.
Ғайыптан келген ғажап елестей,
Аз уақыт ғана алданыш етті.
Мен сені жұбатамын Әке!
Қайғырмашы ұл жоқ,деп бекер.
Біз бар да сен жоғалмайсың!
Әруағыңа Құран бағыштаймыз!
Жүректесің,жазулы атың
Қыздарың бар да ұмытылмайсың.
Жиендерің де бөтен емес...
Олар бар да атың өшпес.
Солай деймісің?
Батыр деймісің жүрек жұтқан,
Жанымды шүберекке түйіп тұрғам.
Әлсіз де емес едім,
Жеңіліп те қалғам,
Қайтадан тұрғам.
Мейірімді деп ойлаймысың мені,
Қатыгез де бола алам.
Езіліп жүрек жылап жатса да,
Еңсемді түзеп, қатайып алам.
Жүрегім менің тас деймісің,
Жадырап жаз да бола алам.
Кешірмесің дегендерді де,
Кешіріп қойғам.
Мінсіз деймісің мені,
Бар болмысымды қабыл алғам.
Артық-кеміммен,пендешілігіммен,
Құдайдың өзі жаратқан.
Сабырлы да деймісің мені,
Шарасызбын кейде...
Жақсылықтарымды да,
Ақ ниеттерімді,
Ауыстыра салады,адамдар,
Жамандыққа да қияды кейде...

Рәмила Ғимранқызы,
№3 МГӨБ жұмыскері

Бибігүл Бөбекбай.



Айым Жанар Есенқызы!

Сізді мерейлі 50 жасыңызбен құттықтаймыз! Сіздің еңбекқорлығыңыз, жоғары жауапкершілік пен біліктілігіңіз әріптестеріңізді тәтті етеді. Сіз олардың арасында зор беделге бөленіп отырсыз. Абыройыңызды асқақтата отырып, компаниямыздың өркендеуіне сүбелі үлес қосып келесіз. Біз Сіздің ерен еңбегіңізді жоғары бағалаймыз.

Айтулы мерекеде Сізге зор денсаулық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр, сәтті істер, қажымас жігер және қызметіңізде тың табыстар тілейміз!

Игі тілекпен, №2 МГӨБ
еңбек ұжымы

Қадірменді Жанаберген Наукебайұлы!



Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерей-тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Ең алдымен Өзіңізге зор денсаулық, отбасыңызға мол бақыт, жұмысыңызға табыс тілейміз. Өрқашан жетістіктің төрінен көріне беріңіз.

Өзен кен орнының дамуына зор үлес қосып келесіз. Сіздің алдыңыз кең, жаныңыз жомарт, қамқор да талапшыл қызметкер, аяулы аға ретіндегі абзал қасиеттеріңіз тәтті етпей қоймайды. Аман жүріңіз, той-тойға ұлассын.

Ыстық ықыласпен, МДЖӨҚБ ұжымы

Құрметті Айтбай Хусанұлы!

Мерейлі 60 жасыңыз құтты болсын. Сіз жемісті еңбек етіп, мұнай саласының дамуына зор үлес қосып келесіз. Еңбек ұжымы Сізді білікті маман, Ауған соғысының ардагері ретінде құрмет тұтады. Өзіңіз сияқты өндірістің ыстығы мен суығына шыдап, қажырлы еңбек етіп жүрген азамат-компания байлығы.

Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, қызметіңізге табыс тілейміз. Аман жүріңіз. Шаңырақтан береке-бірлік пен ырыс-ынтымақ кетпесін!

Игі тілекпен,
№1 МГӨБ еңбек ұжымы



Алғыс айтамын

Қазақ «12 мүшең сау болса, қара басың ханмен тең» деп бекер айтпаған екен. Өткен жылы қараша айында қатты ауырып, Астана қаласына барып емделдім. Кейін Ақтау қаласындағы облыстық ауруханада 6 ай ем алдым. Басыма іс түсіп, қиналған кезде жұдырықтай жұмылып материалдық және моралдық тұрғыда қолдау көрсеткен Мереке Құлбеков басқаратын басқарма ұжымы мен №12 МГӨЦ ұжымына, №2 МГӨБ кәсіподақ төрағасы Абзал Жанаевқа көп рахмет айтамын.

Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Айтқали Бөшеновтің кісілігі мен кішілігіне риза болдым. Қолдан келген көмегін аямаған азаматтарға «Өзен» корпоративті газеті арқылы шексіз алғысымды білдіремін. Отбасыларына Алланың нұры жаусын!

Бауыржан Абдоллаұлы, №2 МГӨБ мұнайшысы

Ардақты Ербол Қымысбайұлы!

Жаны жайсаң, көңілі дархан Сізді 60 жасқа толған мерекеңізбен құттықтаймыз. Бұл жасқа өміріңіз қуатты, көңіліңіз шуақты қалпыңызда жеттіңіз. Қажыр қайратыңыз таусылмасын. Алда әлі талай белестерді бағындырып, асулардан асыңыз.

Өзен кен орнында қызмет етіп келе жатқан жылдарыңызда өзіңіздің еңбексүйгіштігіңіз бен парасаттылығыңыз арқылы көпке үлгі болдыңыз. Артыңыздан ерген ізбасарларыңыз өзіңіздей майталман болады деген сенімдеміз.

Өзіңіздей рухы биік азаматты туған күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ тілейміз!

Тілек білдіруші,
№2 СҚКБ еңбек ұжымы




Қадірлі Абат Сапайұлы!

Сізді 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Өзен кен орнының дамуына зор үлес қосып келесіз. Өлшеусіз еңбегіңізді компания басшылығы бағалайды, әрі құрметтейді.

Еңбегіңіздің жемісін, жұмысыңыздың оң нәтижесін көре беріңіз. Ұжымдастарыңыз бен отбасыңыздың, туған-туыстың арасында абыройыңыз арта берсін. Уайымыңыз жоқ, бақытты шақтарыңыз көп болсын. Немере-шөберенің бақытына бөлене беріңіз. Жылдан-жылға аман жетіп, ортамызда туған күн тойлай беріңіз!

Ізгі тілекпен, АЖТБ ұжымы



Кіман адамды өзгертегі

Назарыңызға сананы жаңғыртып, өмірге басқаша көзқараспен қарауды үйрететін канадалық белгілі жазушы Джон Кехоның «Түйсігіңмен ойлай біл» (Подсознание может все) деген мотивациялық кітабын ұсынамыз.

Молшылық пен жан тыныштығына жету қағидаттарын қамтитын аталмыш кітап 19 бөлімнен тұрады. Бұл кітапта кеңістіктің күштерін басқару мен өз мақсаттарыңды жүзеге

асыру жолында белсенді жұмыс атқаруды – ойдан бастау керектігі айтылады. «Түйсігіңмен ойлай біл» кітабы ойларды дұрыс жаққа бағыттап, табысқа пен бақытқа қол жеткізудің тәсілдерін үйретеді.

Дамудың даңғыл жолына бастайтын «Түйсігіңмен ойлай біл» кітабы арқылы сәтсіздіктердің себебін түсініп қана қоймай, арманды шындыққа айналдырудың амал-тәсілдерімен таныс боласыз. Ерекше ерік-жігер беретін бұл кітаптың сіздерге пайдасы тиері сөзсіз. Оқыңыз, ойланыңыз, өзгеріңіз!

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

«Өзіңнен кейін де өмір бар екенін, сенің ұрпағыңа да ішіп-жем, өріс, қоныс керек екенін ұмытпа».

Шыңғысхан